

## **Эквайринг шартын жасасуға арналған құжаттар тізбесі:**

1. Жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының резиденттері – жеке тұлғалары үшін:

- 1) жеке басын куәландыратын құжат;
- 2) мемлекеттік тіркеуден өту фактісін растайтын уәкілетті орган берген құжат;
- 3) салық төлеушінің куәлігі, сәйкестендіру нөмірі бар құжат.
- 4) лицензияның көшірмесі;
- 5) клиенттерді тиісті тексеру және сыныптау мақсатындаға жеке кәсіпкерлерге арналған сауалнама;
- 6) Банктің талабына сәйкес өзге де құжаттар (*Нұсқаулықтың 7-ші тармағы*);
- 7) шоттың болуы туралы қызмет көрсететін банктен анықтама.

2. Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлғалар мен бейрезиденттер үшін және оқшауланған бөлімшелерден (филиалдар мен өкілдіктерден):

- 1) ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операциялар жасауға заңды тұлғаның құжаттарына қол қоюға уәкілетті лауазымды адамның (адамдардың) жеке басын куәландыратын құжат (-тар);
- 2) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өту фактісін растайтын уәкілетті орган берген құжат;
- 3) құрылтайшылық құжаттар:
  - а) заңды тұлғаның құрылтайшыларының жеке басын куәландыратын құжаттар (акционерлік қоғамдардың құжаттарын, сондай-ақ шаруашылық серіктестікке қатысушылардың тізілімін жүргізуді бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы жүзеге асыратын шаруашылық серіктестіктер құрылтайшыларының құжаттарынан бөлек);
  - б) заңды тұлғаның құжаттарында ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операциялар жасауға қол қою құқығына тұлғалардың өкілеттіктерін растайтын құжаттар;
  - в) қоғамдық және діни бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктері үшін – қоғамдық немесе діни бірлестіктің жарғысында және оның филиалы немесе өкілдігі туралы ережеде көзделген тәртіппен сайланған (тағайындалған) қоғамдық немесе діни бірлестіктің филиалы немесе өкілдігі басшысының өкілеттігін растайтын құжаттар;
  - г) заңды тұлғалардың өзге нысандағы филиалдары мен өкілдіктері үшін – Қазақстан Республикасының резидент-заңды тұлғасы филиалдың немесе өкілдіктің басшысына берген сенімхат;

- д) мемлекеттік лицензия (егер клиенттің қызметі «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лицензияланған жағдайда).
- 4) заңды тұлғаның орналасқан жерінің мекенжайын куәландыратын құжат;
  - 5) FATCA мақсаттары үшін өзін-өзі сертификаттау нысаны;
  - 6) Банк ВТБ (Қазақстан) Акционерлік қоғамы еншілес ұйымының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі ішкі бақылау қағидаларына сәйкес заңды тұлғаға арналған сауалнамасы;
  - 7) Банктің талабына сәйкес өзге де құжаттар (*Нұсқаулықтың 7-ші тармағы*);
  - 8) шоттың болуы туралы қызмет көрсететін банктен берілген анықтама.